

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (2)
сәуір-маусым

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2024
© Авторлар ұжымы, 2024

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Гелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024
© Коллектив авторов, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матъжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvy's Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2024
© Group of authors, 2024

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieвна — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 11. Is. 2, pp. 373–386, 2024
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_38_2_373-386

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011)

*Gaukhar Kapbarova*¹, *Auezkhan Shashaev*², *Sarsebay Karibaev*³


¹Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
 (13, Baitursynova Str., 160012 Shymkent, Kazakhstan)
 PhD Student

 <https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: goha1986-01@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Associate Professor

 <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

³M. Auezov South Kazakhstan University
 (5, Tauke Khan Avenue, 160012 Shymkent, Republic of Kazakhstan)
 Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.

 <https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>. E-mail: ksarsebay@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Kapbarova G, Shashaev A., Karibaev S., 2024

Abstract. *Introduction.* The article deals with the historical and demographic situation and its socio-economic consequences in the first twenty years of independence in the South Kazakhstan region. The materials of the national census and statistical data of the Republic of Kazakhstan for the mentioned period were used as the data base of the article. A comparative analysis of the historical and demographic situation of South Kazakhstan and its socio-economic consequences in the first twenty years of independence was based on the historical and objectivity positions in accordance with the actual historical situation. *Goals and objectives.* To reveal that the historical and demographic situation in the first twenty years of independence in the South Kazakhstan region depended on the political, economic and social reforms and measures taken in the republic during that period. *Results.* After the collapse of the Soviet Union, Kazakhstan, as a sovereign country, had to form anew all attributes of statehood. Adoption of own Constitution, introduction of new tenge, opening of new production centers and restoration of agriculture. It was necessary to make radical changes and new steps in all spheres. This increased the use of enormous resources, including human capital. Demographics and migration trends indicate how dire it is. *Conclusion.* The results of the study of the historical and demographic processes in Kazakhstan in 1991–2011 show that although the declaration of independence was easy, the first decade of its retention was directly dependent on the serious and complex events and the correctness of the decisions made. As a result, the first twenty years of independence, aimed at securing the foundation stone, were left behind, and our country entered the next stage of development.

Keywords: Independence of Kazakhstan, South Kazakhstan region, historical demography, migration, statistics, population, population census, emigration, immigration

For citation: Капбарова Г., Шашаев А. Кариебаев С. История и демографическая ситуация Южного Казахстана в первые двадцать лет независимости (1991–2011) // Электронный научный журнал "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 373–386. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_373-386

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.)

Гауһар Шермухамедовна Капбарова¹, Әуезхан Кадиржанович Шашаев²,
Сарсебай Ускенович Карибаев³

¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(13-үй, Байтұрсынов к., Шымкент, 160012. Қазақстан)

PhD докторант

 <https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: goha1986-01@mail.ru


²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

³М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
(5-үй, Тәуке хан даңғылы, 160012 Шымкент, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

 <https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>. E-mail: ksarsebay@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Капбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К., Карибаев С.У., 2024

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысындағы тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылдығындағы тарихи-демографиялық жағдай мен оның әлеуметтік экономикалық салдары қарастырылған. *Мақаланың деректік базасы* ретінде Қазақстан Республикасының аталған кезеңге қатысты ұлттық санағы мен әр жылдардағы статистикалық мәліметтері, архив материалдары пайдаланылды. *Зерттеудің әдіснамалық негізі.* Тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылдығындағы Оңтүстік Қазақстанның тарихи-демографиялық жағдайы мен оның әлеуметтік экономикалық салдарына салыстырмалы талдау жасау нақты тарихи жағдайға сәйкес тарихилық пен объективтілік ұстанымдарына негізделді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* Оңтүстік Қазақстан облысындағы тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылдығындағы тарихи-демографиялық жағдайдың сол кезеңдегі республикада жүргізілген саяси-экономикалық және әлеуметтік реформалар мен қабылданған шараларға тәуелді болғанын ашып көрсету болып табылады. *Нәтижелері.* Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, Қазақстан егеменді ел ретінде бүкіл мемлекеттілік атрибуттарын жаңадан қалыптастыруға тиіс болды. Өз Ата заңын қабылдау, төл теңгесін енгізу, жаңа өндіріс ошақтарын ашу және ауыл шаруашылығын қалпына келтіру. Барлық сала бойынша түбегейлі өзгерістер мен жаңа қадамдар жасау қажет болды. Бұл орасан зор ресурстарды, соның ішінде адами капиталдың да қолданысының күшейтті. Демографиялық жағдай мен көш-қон үрдістері оның қаншалықты ауыр жағдайда болғанынан хабар береді. *Қорытынды.* Қазақстандағы 1991–2011 жылдардағы тарихи-демографиялық үдерістерді зерттеудің нәтижесінің көрсететіні, тәуелсіздікті жариялаудың жеңіл болғанымен, оны ұстап қалудың алғашқы жиырма жылдығының аса ауыр және күрделі оқиғалар мен қабылданған шешімдердің дұрыстығына тікелей тәуелді болған еді. Нәтижесінде, тәуелсіздіктің ірге тасын бекітуге бағытталған алғашқы жиырма жылдығын

артқа тастап, еліміз келесі даму кезеңіне аяқ басқан болатын.

Түйін сөздер: Қазақстан тәуелсіздігі, Оңтүстік Қазақстан облысы, тарихи-демография, көш-қон, статистика, тұрғындар, халық санағы, эмиграция, иммиграция

Дәйексөз үшін: Капбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К. Карибаев С.У. Тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылдығындағы Оңтүстік Қазақстанның тарихи-демографиялық жағдайы (1991–2011 жж.) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 2. 373–386 бб. (Қазақ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_373-386


ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.)

Гаухар Шермухамедовна Капбарова¹, Ауезхан Кадиржанович Шашаев²,
Сарсебай Ускенович Карибаев³


¹Южно-Казахстанский педагогический университет им. Озбекали Жанибекова
(д. 13 ул. Байтурсынова, 160012, Шымкент, Казахстан)
PhD докторант

 <https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: goha1986-01@mail.ru

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050000, Алматы, Казахстан)
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevauvezhan@mail.ru

³Южно-Казахстанский университет имени М.Ауезова
(д. 5, просп. Тауке хана, 160012 Шымкент, Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент.

 <https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>. E-mail: ksarsebay@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается историко-демографическая ситуация и ее социально-экономические последствия в первом двадцатилетии независимости в Южно-Казахстанской области. В качестве базы данных статьи использованы материалы областного архива, национальной переписи населения и статистические данные Республики Казахстан за указанный период. Сравнительный анализ историко-демографического положения Южного Казахстана и его социально-экономических последствий основывался на исторических и объективных позициях в соответствии с реальной исторической ситуацией. *Цель и задачи исследования.* выявление историко-демографической ситуации в периоде первом двадцатилетии независимости в Южно-Казахстанской области и его зависимости от политических, экономических и социальных реформ и мер, проводимых в республике в этот период. *Результаты.* После распада Советского Союза Казахстану как суверенной стране пришлось заново формировать все атрибуты государственности. Принятие собственной Конституции, введение тенге, открытие новых производственных центров и восстановление сельского хозяйства. Необходимо было осуществить радикальные перемены и новые шаги во всех сферах. Это увеличило использование огромных ресурсов, включая человеческий капитал. Демографические и миграционные тенденции показывают, насколько это было тяжело. *Заключение.* результаты изучения историко-демографических процессов в Казахстане в 1991–2011 годах показывают, что, хотя провозглашение независимости далось легко, первое двадцатилетие ее сохранения напрямую зависело от серьезных и сложных событий и правильности принятых решений. В результате первые двадцать лет независимости, направленные на закрепление краеугольного камня, остались позади, и наша страна вышла

на новый этап развития.

Ключевые слова: Независимость Казахстана, Южно-Казахстанская область, историческая демография, миграция, статистика, население, перепись, эмиграция, иммиграция

Для цитирования: Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К. Карибаев С.У. Историко-демографическая ситуация Южного Казахстана в первом двадцати лети независимости. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 2. С. 373–386. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_373-386

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық, ұлттық және әлеуметтік дамуында оның жекелеген аймақтарының бірі – Оңтүстік Қазақстан өңірінің алар орны ерекше. Аталған өңір халқының орналасуы, әлеуметтік-демографиялық дамуы, тәуелсіздік жағдайында өсіп-өнуі, соның ішінде ұлттық құрамындағы ерекшеліктер, туу, өсу, эмиграциялық және иммиграциялық үдерістердің орны мен ықпалы айрықша назар аударарлық мәселелер қатарына жатады. Халық санының әлеуметтік-демографиялық өсуі қоғам дамуының көптеген салаларына әсер ететіні мәлім. Әлеуметтік-демографиялық даму мәселелері қоғамның аса өзекті мәселесі болып табылады. Оңтүстік өңірінің халқы саны жағынан кейінгі халық санағының мәліметінде Қазақстан Республикасының 3/1 құрады. Сондай-ақ, бұл аймақтың өзіне тән ерекшеліктеріне: біріншіден, халқының құрамында қазақтардың үлесінің басымдығы және демографиялық өсіп-өнуі айрықша орын алатын елімізде ең өсімтал өңір болып қалыптасқандығы; екіншіден, халқының орналасу тығыздығы басқа өңірлерге қарағанда жоғары болуы және үшіншіден, ғасырлар шенінде мекендеген тайпалар мен халықтардың өркениет сабақтастығының ізі бар. Біздің зерттеуімізде Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі әлеуметтік-демографиялық ахуалды, көші-қон үдерістерін, халықтың ұлттық құрамын, жынысын, жасын, әлеуметтік топтардың әр кезеңдегі өзгерісін ашып көрсету арқылы еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма жыл ішіндегі аймақтағы әлеуметтік-демографиялық дамудың ерекшеліктері қарастырылады. Бұл ретте аймақтық ерекшеліктерді зерттеу еліміздің демографиялық дамуын жан-жақты білуге мүмкіндік береді. Сондықтан қарастырылып отырған мәселеміз зерттеу тақырыбының өзектілігі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге қажетті мәліметтер: ОҚОМА құжаттары: 897-қор (Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты); 1007-қор (Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің Халықты еңбекпен қамту басқармасы) қорларында жинақталған архив деректері облыс көлеміндегі халықтың саны және құрамындағы өзгерістер, әлеуметтік жағдайы туралы мағлұмат алуға көмектесті. Сонымен қатар, жарияланған статистикалық жинақтар мен ағымдық статистикалық мәліметтер: 1999 жылғы халық санағының және 2009 жылғы екінші ұлттық халық санағының материалдары; көші-қон үдерісін реттеуші заңнамалық құжаттар: 1991–2011 жж. республика, жекелеген облыстар, аудандар бойынша Оңтүстік Қазақстан өңірінің әлеуметтік-демографиялық мәселесі туралы көтерілген мақалалар, хабарламалар және басқа да баспасөз мәліметтері зерттеу жұмысын жазуға кеңінен пайдаланылды. Сонымен зерттеу жұмысында өзара бірін-бірі толықтыратын, әрі нақтыландыратын деректер қолданылды.

Мақаланы жазу барысында, әдіс-тәсілдік негізіне: нақтылы айғақтық материалдарды, статистикалық мәліметтерді, мұрағаттық деректерді кешенді зерделеу негізінде тарихи-салыстырмалық әдісі алынды. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі халықтардың еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма жыл аралықтағы дамуының методологиялық негізі сол тарихи оқиғаларға байланысты қарастырылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде диалектика, тарихшылық және ғылыми объективтілік қағидаттарын пайдалану іске асты. Соның нәтижесінде, қойылған мәселенің туындау себебі, оның негізгі кезеңдерін анықтау, тарихи-уақыттық шеңберде даму ерекшеліктері, мәселенің қазіргі жағдайы, оның нақты тарихи жағдайлардың әсерінен өзгеруі сияқты сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік берілді.

Талқылау

Қазақстан халқының, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан өңірі тұрғындарының ұлттық құрамы мен әлеуметтік дамуындағы түрлі мәселелерді жете түсіну үшін отандық тарихнамалық еңбектерге түпкілікті зер салу қажет деп білеміз.

Мемлекетіміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде тарихи демографияның өзекті мәселелері М. Қозыбаев, К.С. Алдажұманов (Қозыбаев, Алдажұманов, 1997: 10–11), М.Х. Асылбеков (Асылбеков, 1993: 85) секілді ғалымдардың еңбектерінде кешенді түрде қарастырылған болатын. Демограф-ғалым М.Б. Тәтімовтің (Тәтімов, 1993: 105), М.Б. Тәтімов пен М. Ақшалованың (Тәтімов, Ақшалоуа, 1997: 110) және М.Б. Тәтімовтің Ж. Әлиевпен (Тәтімов, Әлиев, 1999: 106) бірігіп жазған ғылыми еңбектерінде халық саны, көші-қон мәселелері, оралмандардың орналасуы тарихи тұрғыдан талданып, халқымыздың өсіп-өну, даму кезеңдері туралы нақты мәліметтер келтірілген. М.С. Әженов пен Д.Ә. Бейсенбаевтың (Әженов, Бисенбаев, 1997: 112), (Құдайбергенова, 2010: 331) зерттеуінде 90-жылдардың бірінші жартысында ел экономикасының нарықтық қатынастарға өтуінің әлеуметтік құрылымға сандық және сапалық тұрғыдан әсері болғандығы нақты қарастырылған.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі осы салаға байланысты ғылыми еңбектерде республика халқы санының динамикасы мен табиғи өсімінің ерекшеліктері нысанға алынуы байқалады. Әлеуметтік-демографиялық дамудың Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша мәліметтер М.Б. Мейірбеков (Мейірбеков, 2010: 15) зерттеуінде берілген. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысы халқының табиғи өсімі еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда жоғары екендігі, түрлі этнос өкілдерінің жыныстық-жас және білім деңгейіне, тұрғылықты мекеніне (қала, ауыл), т.б. белгілеріне қарай өзіндік ерекшеліктері А.Б. Есімованың (Есімова, 2011: 19) еңбегінде жан-жақты тарихи сараптама жасалған. Оңтүстік Қазақстан облысының (аудандарымен) ауылдары және қалаларындағы этнодемографиялық даму үрдістері мен әлеуметтік-демографиялық жағдайына ғалым А.И. Исмаиловтың (Исмаилов, 2006: 48) еңбегінде тарихи статистикалық сипаттама берілген.

Оңтүстік Қазақстан өңірінің демографиялық ахуалы, көші-қон ағымына және әлеуметтік дамуының өзекті мәселелеріне байланысты республикалық, облыстық, қалалық басылымдарда Ж. Мамырәлі (Мамырәлі, 2006: 1), Г. Пушкарев (Пушкарев, 2009: 3), Д. Никитин (Никитин, 2009: 5), Е. Кәпқызы (Кәпқызы, 2010: 3), Ә. Мақұлбаев (Мақұлбаев, 2006: 3), Н. Хайкина (Хайкина, 2009: 4), М. Байғұт (Байғұт, 2011: 4) С. Жексенбаев (Жексенбаев, 2011: 2), Р. Хамидуллин (Хамидуллин, 2011: 2) және т.б. сияқты авторлардың мақалалары жарияланды.

Жоғарыда аталған тарихнамалық талдау мақала тақырыбының өзектілігі мен оның әдіс-тәсілдің зерттеу бағытының негізгі жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Мемлекетіміз өз егемендігін алғаннан бергі кезеңде орын алған күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістер халықтың демографиялық дамуына да елеулі әсерін тигізді. Бұл кезеңдегі демографиялық жағдайдағы негізгі ерекшеліктердің бірі – жалпы халық санының кемуі, бала туудың азаюы, өлім көрсеткішінің жоғары болуы және көші-қон үдерісінің өсуі сияқты өзгерістердің әсерінен табиғи өсімнің құлдырауы орын алды. Табиғи өсімнің мұндай құлдырауын нарықтық кезеңге өтудегі экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтардың (жаппай жұмыссыздықтың етек алуы, халықтың нақты табысының азаюы, өмір сапасының төмендеуі т.б.) орын алуынан болғандығы айқын. 90-жылдардың бас кезінде үрдіс алған демографиялық дағдарыстың нәтижесінде екі санақ аралығында (1989–1999 жж.) республика халқының саны 1 246 мың аса адамға, яғни 7,7% кеміген. Егерде 1989 ж. халықтың табиғи өсімі 1000 адамға шаққанда 15,4 промилль құраса, 1995 ж. – 6,8, яғни 2 еседен артық төмендеген, ал 1999 ж. – 4,6, сондай-ақ, ауыл тұрғындарының туу деңгейі күрт кеміді. Қалалық мекендерде 1995 ж. табиғи өсім 2,6 деңгейінде болса, 1999 ж. – 1,8 болды, ауыл халқы бойынша аналогиялық көрсеткіштер – 12,2 (7,9 болуы тиіс еді) болды. Туудың жиынтық коэффициенті 3,126-дан 2-ге төмендеген (Жумасұлтанов, Ибраев, 2000: 97).

Ал тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысында республикадан тыс жерлерге шамамен 2 млн. адам кеткен. Көші қон ағыны негізінен таяу шет елдерге, оның ішінде Ресей, Украина және Орталық-Азия. Алыс шет елдерге, негізінен Германияға, этникалық немістер, олардың ұрпақтары және отбасы мүшелері қоныс аударды. Сондай-ақ көші-қондағы танымал бағыттар ол АҚШ, Израиль сияқты мемлекеттер. Бұл елдерге эмигранттар ағыны не еңбек эмигранттары, не осы елдің этностары еді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1380 қаулысымен (30.10. 2001 ж.) «Қазақстан Республикасының 2001–2005 жылдарға арналған демографиялық даму Бағдарламасы елдегі демографиялық ахуалды жақсарту түсуді мақсат етті (Қазақстан өңірлері, 2011: 21).

Сонымен қатар ҚР-да демографиялық саясат пен отбасын нығайтудың 2010–2020 жж. арналған тұжырымдамасында елімізде бала туу көрсеткішінің артуына қолдау көрсету, өлім көрсеткішін төмендету, миграциялық көрсеткіштерді оңтайландыру, отбасыларға жағдай жасау шарттары көзделген. Қазақстанның келешегі, ішкі және сыртқы қауіпсіздігі және экономикалық өсімінің артуы тікелей халық санына, білімі мен мәдениетіне, өмір сүру деңгейімен қатар өзге де өлшемдер көрсеткішіне байланысты болмақ. Қазіргідей жаңа технология дами түсіп ғылыми потенциал алдыңғы қатарға шыққанда кезде әрбір мемлекет алдымен адам ресурстарымен ерекшеленеді.

Мемлекетіміздің демографиялық, ұлттық және әлеуметтік дамуында оның жекелеген аймақтарының бірі – Оңтүстік Қазақстан өңірінің алар орны ерекше. Аталған өңір халқының орналасуы, әлеуметтік-демографиялық дамуы, егемен ел жағдайында өсіп-өнуі, соның ішінде ұлттық құрамындағы ерекшеліктер, туу, өсу, эмиграциялық және иммиграциялық үдерістердің орны мен ықпалы айрықша назар аударарлық мәселелер қатарына жатады. Оңтүстік өңірінің халқы кейінгі халық санағының мәліметінде Қазақстан Республикасының 3/1 құрады. Оңтүстік Қазақстан өңірінде халықтың көптігі, алыс-жақын шет елдерден оралмандардың көптеп орналасуы да климатының континенталдық, шаруашылыққа қолайлы, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық даму жылдамдығы, адам факторының белсенділігі де жеткілікті деп білеміз. Сондай-ақ, бұл аймақтың өзіне тән ерекшеліктеріне: біріншіден, халқының құрамында қазақтардың үлесінің басымдығы және демографиялық жағдайында түркі тілдес этностардың өсіп-өнуі айрықша орын алатын елімізде ең өсімтал өңір болып қалыптасқандығы; екіншіден, халқының орналасу тығыздығы басқа өңірлерге қарағанда жоғары болуы және үшіншіден, ғасырлар шенінде мекендеген ру-тайпалар мен халықтардың өркениет сабақтастығының ізі бар.

Қазақстан Республикасы статистика агенттігі мәліметтерінде берілген деректерге сүйенсек, бұл өңір аумағы жағынан еліміздің 3/1 бөлігін алып жатыр. Халқының орташа тығыздығы 1 шаршы км-ге 32,3 адамнан келеді. Аталған өңірдің халқы республика тұрғындарының 26 % құрайды. Қазақстан халқының шамамен 14,5 % – Оңтүстік Қазақстан облысында, 6,6 % – Жамбыл облысында және 4,1 % – Қызылорда облысында орналасқан.

Республика көлемінде халқының тығыздығы жағынан ең жоғары көрсеткіш – Оңтүстік Қазақстан (1 шаршы км-ге 32,3 адам), Алматы (8,1) және Жамбыл (7,3) облыстарына тән болса, ал экологиялық салдарлары бар аймақтардың қатарына жататын Қызылорда облысы халқының тығыздығы төмен деңгейде (3,2) (Қазақстан өңірлері, 2011: 22) болып тұр.

Халық санының әлеуметтік-демографиялық дамуында болған өзгерістерді толық зерттеу үшін, демографиялық феномендерді айқындау үшін, жаңа тенденцияны анықтау үшін, халықтың демографиялық дамуының өзгерістеріне куә ретінде статистикалық мәліметтерге жүгінгеніміз жөн. Сонымен бірге қазіргі заманғы әлеуметтік-демографиялық тенденцияларда 90-жылдардағы үдерістермен салыстырғанда айтарлықтай өзгешеліктер бар. Қазақстанның оңтүстігіндегі облыстардың халық санының демографиялық көрсеткішінде екі санақ аралығында (1999 ж. және 2009 ж.) өзгерістер орын алды. Демографиялық дамудың ең маңызды көрсеткіші халық саны екендігі анық, ал халық саны-демографиялық өсудің өзіндік барометрі болып табылады.

Қазақстан өңірлерінде қазақтардың даму динамикасы әркелкі болып келеді, оның басым бөлігі оңтүстік өңірінде орналасқаны белгілі. Оңтүстік облыстардың ішінде халық санының

өсімі және қазақтардың үлес салмағы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының көрсеткіші жоғары екендігін көреміз. Расында да Оңтүстік Қазақстан облысында демографиялық потенциал шоғырланғандықтан республикада алдыңғы орын алады. Халық санағының (1989 және 1999 ж.) статистикалық сараптамасы көрсеткендей, жалпы санақаралық кезеңде республика бойынша тұрақты халықтың саны кемігенімен, Оңтүстік Қазақстан облысында керісінше тұрғындар саны 154,8 мың адамға, яғни 8,5 % артқан (Южно-Казakhstanская область и ее регионы, 2003: 33).

Қазақстанда 1991–2003 жылдар аралығындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуындағы шиеленісті ахуал мен демократиялық қоғам құру кезіндегі реформалық өзгерістер ішкі көші-қон құбылысына әсерін тигізді. Оған түрткі болған себептер: саяси-әлеуметтік, экономикалық қайшылықтар, ауыл шаруашылығындағы дағдарыс, ұжымшар-кеңшарлардың таратылуы және т.б. Ауылдық мекемелердің көпшілігі жабылып, жұмыссыздық белең алды. Ауылдағы жұмыссыздар қалаға жұмысқа орналасу үшін ірі-ірі қалаларға жылжи бастады. Қала халқының ішінен қазақтардың үлесі өсе бастағанымен де ауыл халқының басым бөлігі әлі де қазақтарды құрайды. Ауылда тұратын қазақтардың ең көп бөлігі Маңғыстау (99,7 %), Атырау (98,2 %) облыстарымен қатар Қызылорда облысы (98,7 %) болып саналады (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009: 11)

Кеңестік қоғамда өз Отанында азшылыққа айналған (әсіресе, 1959 ж., 1979 ж. санақтар көрсеткіші бойынша) қазақтардың үлесі тек тәуелсіздік жылдары ғана халықтың жартысының көбінен асып түсті. Өйткені, елімізде экономикалық ахуал тұрақталып қазақтардың табиғи жолмен өсуі және алыс-жақын шетелден этникалық бауырластарымыздың иммиграциясы халық санының, оның ішінде байырғы халық үлесінің артуына септігін тигізді.

Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және облыстарының қала мен ауыл халқының динамикасын қарастырғанда екі санақ аралығындағы кезеңде халықтың демографиялық құрылымында да өзгерістер болғандығы анықталды. Әкімшілік-аумақтық қайта құрулардың нәтижесінде осы кезеңде халықтың жалпы санының ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының 36,9 % қалада, ал 63,1 % ауылды мекендерде тұрды. Қызылорда облысы халқының 42,3 % – қалалықтар, 57,7 % – ауыл тұрғындары болды. Жамбыл облысы бойынша тұрғындардың 45,1 % қалалықтар, ал, 54,9 %-ды ауыл тұрғындары құраған (Қазақстан өңірлері, 2011: 23).

Қазақстан өңірлерінің демографиялық жылнамалығы деректері көрсеткендей, ең көп ауыл тұрғындары осы облыстарда болып тұр.

Кесте – 1. Оңтүстік Қазақстан Жамбыл, Қызылорда және облыстары қала мен ауыл халқының саны (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009)

[Table - 1. Number of urban and rural population of South Kazakhstan Zhambyl, Kyzylorda and regions (Demographic annals of Kazakhstan, 2009)]

Оңтүстік Қазақстан өңірінің облыстары	Қала халқы				Ауыл халқы			
	1989	1999	2009	2011	1989	1999	2009	2011
Жамбыл облысы	491769	452272	432438	411310	546898	536584	598706	635187
Қызылорда облысы	345782	360702	226984	295420	228682	226984	414599	405158
Оңтүстік Қазақстан облысы	738947	771049	894991	1025,9	1084581	1204504	1486552	1559901

*Ескерту: Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметтері негізінде есептелді

Статистикалық мәліметтерді саралай келе, қала халқының санының өсу динамикасы тек Оңтүстік Қазақстан облысында ғана байқалып – 123,942 адамға жетіп, яғни өсім 16,1 пайызды құрады. Басқа облыстарда қала тұрғындарының саны азайды. Мәселен, Қызылорда облысында қала тұрғындарының саны – 133,718 адамды құрап, бұрынғымен салыстырғанда 37,1 пайызға

кеміді, Жамбыл облысында – 19,834 адамды құрап, 4,4 пайызға кеміді. Тәуелсіздік жылдарында қала мен ауыл тұрғындарының өзара салмағы өзгеріске ұшырады. Қала тұрғындарының ішінде қазақтардың саны: Оңтүстік Қазақстан облысында – 61,6 пайыз, Жамбыл облысында – 54,5 пайыз, Қызылорда облысында – 91,3 пайызды көрсетті. Қазақтар шоғырланған Оңтүстік өңіріндегі қалалардағы қазақтардың үлесі де өсе түсті.

Ауыл халқының саны барлық аталған облыстарда тез өсуімен ерекшеленеді. Ауыл тұрғындарының ең жоғары өсімі бойынша: Оңтүстік Қазақстан облысында – 282,048 адамға, яғни 23 пайызға, Қызылорда облысында – 179,798 адамға, яғни 76,6 пайызға және Жамбыл облысында – 62,122 адамға, яғни 11,6 пайызға артқан. Барлық облыстарда ауыл халқының саны өскен, тек ерекшелігі оның қарқынында ғана болып тұр. Мұндай көрсеткіш халықтың арасында урбандандыру үдерісінің баяулай бастағандығын көрсетеді. Оңтүстік аймақтағы ауыл тұрғындары басымдылыққа ие бола бастады.

Облыс орталықтары тұрғындары санының динамикасы қала халқы дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Кесте – 2. Облыс орталықтарындағы халық санының динамикасы
(Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009: 28)

[Table - 2. Population dynamics in regional centers
(Demographic annals of Kazakhstan, 2009: 28)]

Облыс орталықтары	1999	2009
Тараз	330220	347486
Қызылорда	157279	169914
Шымкент	419640	556996
*Ескерту: статистикалық жинақ мәліметінен алынды		

Қазақстан Республикасы ұлттық санақтар мәліметтеріндегі деректерге жүгінер болсақ қала халқының аталған облыстардағы қала халқының өсу, кему үдерістері: 1989–2011 жылдар аралығында Шымкент қаласының тұрғындары саны – 147,356 адамға, яғни 35 пайызға өскен, Қызылорда қаласының тұрғындары – 12,635 адамға, 8 пайызға, Тараз қаласының тұрғындары – 17,266 адамға 5 пайызға өскендігін көрсетеді. Бұл ретте 1991–2009 жылдардағы ішкі көші-қонның көп бағыттылығымен ерекшеленіп, ауылдық жерлерден Шымкент қаласына қоныс аудару ауқымының өскендігін көрсетеді. Біз қарастырып отырған кезеңде Шымкент қаласы облыстың ауыл тұрғындарын ғана емес, басқа да көрші облыстардан көшіп келуінің орталығы болды. Бұл әрине қала экономикасының тартымдылығы мен азық-түлік қорларының қолжетімді арзан болуы, сауда жасауға ыңғайлы нарықтық жүйесінің тиімділігімен байланысты еді.

Халықтың жынысы бойынша құрамы демографиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар негізінде қалыптасады. Оңтүстік өңірінің үш облыстарында жынысына қарай халық саны төмендегідей болды:

Салыстырмалы түрде облыстар тұрғындарының жыныстық үлес салмағына талдау жасасақ: Қызылорда және Жамбыл облыстарында еркектермен салыстырғанда әйелдер саны айтарлықтай басым болған. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысында ерлер саны өскен. Статистикалық мәліметтерде: Оңтүстік Қазақстан облысында ерлердің саны 204,603 адамға, яғни 20,7 пайызға, әйелдер – 201,387 адамға, яғни 20,4 пайызға, Қызылорда облысында ерлер – 23,514 адамға, яғни 7,6 пайызға, әйелдер – 22,546 адамға, яғни 7,9 пайызға, ал Жамбыл облысында ерлер саны – 19,221 адамға, яғни 4 пайызға, ал әйелдер – 23067 адамға 4,5 пайызға өзгерген. Мысалы, аталған мерзімде Жамбыл облысында 1000 әйелге шаққанда 952 ер азамат, ал 1999 және 2009 жылғы Ұлттық санақтар көрсеткіштері бойынша Қазақстан бойынша орта есеппен 1000 әйелге шаққанда 947 ер азаматтан келетін.

Оңтүстік Қазақстан облысында ерлердің саны әйелдерге қарағанда шамалы ғана өсті. Мысалы, 1999–2009 жылдар аралығында олардың айырмасы 62452, яғни 15,5 пайыз ғана еді.

Ал, Қызылорда облысының қалалық мекендерінде ерлер санының айырмасы әйелдерден 36,2 пайызға төмен болды (Қазақстан өңірлері, 2011: 11). Осы облыстардың екі санақ аралығында ауылдық жерлердегі тұрғындардың табиғи өсіміне байланысты ерлер мен әйелдер санының демографиялық көрсеткішінде оңды өзгерістер байқалады. Жалпы Оңтүстік Қазақстан облысында ерлер санының өсімі барын ескерсек, қалалық/ауылдық деп бөлу бойынша сараптамамыз, аталған облыстың ауылдық мекендерде әйелдер санының өскендігін көрсетті. Мысалы, 1999–2009 жылдар аралығында ауылдарда ерлер – 23,1 пайыз болса, әйелдер – 23,7 пайызға өскен. Жалпы, Оңтүстік Қазақстан облысы ауылдары бойынша әйелдер саны еркектерге қарағанда 28,7 мың адамға артқан. Шын мәнінде, әйелдердің санының еркектермен салыстырғанда басым болуы тек 25 жастан кейін ғана (еркектердің жас кезінде қатерге жиі ұрынуы себепті) арта бастайтын болса, ауылдық жерлерде еркектердің басым болуы туғанынан бастап, өмірінің соңына дейін. Салыстырмалы түрде айтар болсақ: Жамбыл облысы бойынша жалпы алғанда – әйелдер саны ерлерге қарағанда өскен, бірақ ауылдық мекендерде ерлер – 11,8 пайызға артып, әйелдер – 11,3 пайызға кеміген (Қазақстан өңірлері, 2011: 11)

Халық саны артуының болашақ сипаты демографиялық үдерістердің бүгінгі күнгі жағдайындағы өзгерістердің көрсеткіші болып табылады. Осындай көрсеткіштердің бірі – адамдардың орта жасы. Аса жоғары орта жас көрсеткіші Жамбыл облысында тіркелді (қалалық мекендерде – 30,7; ауылдық мекендерде – 29,3), Қызылорда облысында (қалалық мекендерде – 28,8, ауылдық мекендерде – 27,9), ал аса төмені – Оңтүстік Қазақстан облысында (қалалық мекендерде – 27,8; ауылдық мекендерде – 26,2) (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009: 15) тіркелген.

Оңтүстік облыстарда халық дамуының бағыттары статистикалық сараптама көрсеткендей, 1991–2011 жылдар аралығында әрқелкі болып келеді. Оңтүстік Қазақстан облысының барлық аудандарында халықтың табиғи өсімі бар екендігі қуантарлық жайт. Облыс аудандарының ішінде халық санының үлесі Мақтааралда – 23,8 пайызға және Сарыағашта – 22,6 пайызға өсу негізінде қарқынды болды. Керісінше ең төменгі өсім серпіні Ордабасы ауданында 6,3 пайызды құрады. Ал, Қызылорда облысы бойынша халықтың өсу динамикасы оңды болғанымен, облыс бойынша барлық халықтың жалпы өсімі жоғары емес. Тұрғындар өсімінің аса жоғары көрсеткіші Қармақшы да – 10,4 пайызды және Жаңақорғанда – 9,5 пайызды құрап, өсім тіркелген (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009: 22).

Қазіргі таңда демографиялық ахуалды жақсарту, бала туу көрсеткішін арттыру мәселесі күн тәртібінен түспек емес. Әрине, мемлекет тарапынан бала туу көрсеткішін көтеру мақсатында ана мен баланы әлеуметтік жағынан қорғау, оларға мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыны көтеріп, көп балалы аналарға үкімет тарапынан жеңілдіктер жасалуда. Еліміздегі демографиялық жағдайдың тұрақталуына туу деңгейі, үлгілі отбасылар мен жеке адамдардың репродуктивті сипаты да ықпал ететіндігі белгілі. Жалпы халық санының өзгеруіне алдымен халықтың туылуы мен өліміндегі өзгерістердің әсерінен қалыптасқан табиғи өсім әсер етеді. Ескеретін жайт, Қазақстанның демографиялық үдерістері ұзақ жылдар бойы көші-қон үдерісімен тікелей байланысты болды. Кейінгі жылдары сыртқы көші-қонның әлеуметтік-демографиялық ахуалға ықпалы аз екендігі байқалады. Демографиялық жағдайда туу деңгейінің өзіндік орын алары сөзсіз. Соңғы жылдардағы туу динамикасы зерттеу жүргізілген облыстарда бәсеңдеу мен туудың жоғарылау периодтары сәйкес екенін көрсетті. Айырмашылығы тек осы көрсеткіштердің деңгей көрсеткіштерінде.

Туу көрсеткішінің бірі – туудың жалпы коэффициенті болып табылады (ТЖК). Кейінгі жылдардағы туу динамикасы көрсеткендей, аталған облыстарда жалпы бала туудың жоғары және төмен кезеңдері бойынша сәйкестік болғанымен, туудың жалпы коэффициентінің деңгейінде айырма бар. Туу серпінінің жоғары көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан облысында, аса төмен көрсеткіші Жамбыл облысында тіркелген. Мысалы, 1000 адамға шаққанда 1999 ж. – 2009 ж. дейін 22,7-ден 30,2-ге дейін өсті және республиканы тұтас алғанда бұл көрсеткіш ең жоғары күйінде қалып отыр. 2009 ж. бері орта есеппен «қазақтар көп тұратын»

атанған өңірде 70 мыңнан астам сәби дүниеге келген, яғни республика бойынша әрбір төртінші бала осы облыста туылды.

Облыстық әділет департаментінің мәліметіне жүгінсек Оңтүстік Қазақстан облысы 2008 ж. бала туу көрсеткіші жағынан бірінші орынға шықты (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009: 23). Десек те, облыстағы жалпы бала туу коэффициентінің өсуі 1000 мың адамға есептегенде 1999 ж. – 22,6; 2000 ж. – 22,5; 2001 ж. – 22,8; 2002 ж. – 22,6 болған, яғни 1992–1998 жылдар аралығындағы (29,9) көрсеткішке жете алмаған. Ал, 2010 ж. мәліметіне сүйенсек, облыста 75967 нәресте тіркеліп, елдегі туылған нәрестелердің 20,7 % құраған (Шынжырбаева, 2009: 9). Мұндай жағдайдың көрініс табуына әсер еткен факторлар қатарына отбасын жоспарлау және әйелдердің саналы түрде тууды шегеріп отырғандығы, елдегі экономикалық дағдарыстан әлеуметтік ахуалдың төмендігін және облыс тұрғындарының басқа аймақтармен салыстырғанда табысының аздығын жатқызуға болады. Ескеретін жайт, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша республика көлемінде аналар өлімінің ең жоғары көрсеткіші де Оңтүстік Қазақстан облысына тиесілі болды. Мысалы, 1999 ж. – 29, 2009 ж. – 27, 2010 ж. – 25, 2011 ж. – 15 ана өлімі тіркелген (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2012: 112). Дегенмен 2011 жылғы статистикалық деректер бойынша, 2009 ж. салыстырғанда ана өлімінің коэффициенті 100000 туғандарға есептегенде Оңтүстік Қазақстан облысында – 37,8-ден 19,4-ға, Жамбыл облысында – 40,0-ден 26,2-ға, Қызылорда облысында – 42,5-тен 15,7-ға төмендеген.

Туу деңгейінің аса нақты көрсеткіші туудың жиынтық коэффициенті болып табылады (туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК) – тууға қабілетті кезеңі бойында бір әйелдің орта есеппен қанша бала туатындығын көрсетеді). Статистикалық деректерге жүгінсек, Қазақстанда туу деңгейінің қысқару тенденциялары сонау 1979 жылы басталған екен. Қазақстанда 1997–2002 жылдар аралығында туудың жиынтық коэффициенті 1,9 дейін төмендеген. Туудың жиынтық коэффициентінің едәуір төмендеуі 1989 ж. басталды, тек 2002 ж. бастап ТЖК деңгейі көтеріле бастайды. Туу деңгейінің жоғарылауы соңғы жылдардағы мәліметтер бойынша үшінші, тіпті төртінші баланың туылуына байланысты болып отыр. Көбінесе олардың қатарына ерінің табысы есебінен қамтамасыз етілетін жасы 30-дан асқан үй шаруасындағы әйелдермен қатар жұмысы мен отбасын сәйкестендіре алатын әйелдерді жатқызамыз.

Еліміздің өңірлерінде туудың жиынтық коэффициентінің айырмашылығы байқалады. Оның ең үлкен көрсеткіші – Оңтүстік Қазақстан (3,71) мен Маңғыстау (3,80) облыстарында тіркелген болса, ең төменгі көрсеткіші – Қостанай (1,70), Қарағанды (2,04), Солтүстік Қазақстан (1,72) облыстарының үлесінде болды. 2009 ж. ТЖК көрсеткіші Маңғыстау облысында (3,80) жоғары болса, ең төменгі көрсеткіші Қостанай (1,70) (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009: 25) облысында тіркелді. Қазақстанда туу деңгейінің жағдайында өңірлік ерекшеліктер айқын аңғарылады, әсіресе, туудың ең жоғары көрсеткіштері оңтүстік және батыс облыстарында көрініс алады. Сондай-ақ, еліміздің оңтүстігіндегі қазақ әйелдерінің бала тууға қабілетті кезеңінің ұзақтығын атап өткен жөн. Қазақ әйелдерінің қырық немесе одан жоғары жаста бала көтеруі бұрыннан кездеседі. Сондықтан да соңғы кезде 35–44 жас аралығындағы әйелдердің тууы жөнінде айғақтық деректердің болуы таңқаларлық жайт емес. Оңтүстік және батыс өңірлерде некеге тұрғаннан кейінгі алғашқы жылы-ақ жағдайға қарамастан (оқу, жұмыс, лауазым, денсаулыққа байланысты) бала туу стереотипі сақталған.

Аталған кезеңдегі тарихи оқиғалар мен қоғамдағы түбегейлі өзгерістер табиғи өсімге өз әсерін тигізген еді. Дәл осы жылдары, туудың жиынтық коэффициенті қала/ауыл деп бөлінісінде төмендегіше көрініс береді: қалалық мекендерде Оңтүстік Қазақстан облысында – 3,84; Жамбыл облысында аталған коэффициент – 2,80; Қызылорда облысында – 3,93 құрады, ауылдық мекендерде Жамбыл облысында – 3,54; Оңтүстік Қазақстан облысында – 3,64, Қызылорда облысында – 3,12 болды (Женщины и мужчины Казахстана, 2010: 13). Егер Жамбыл облысында «классикалық» модель – қаламен салыстырғанда ауылда туу жоғары болса, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстанда жаңа феномен – қаладағылар

арасында туу жоғары болған.

Әлемдегі көптеген елдерде халықтың қартаю дәрежесі айқындаушы демографиялық үдеріс болып табылатыны белгілі. БҰҰ демографтарының тұжырымдауынша, қартаю дәрежесі 65 және одан жоғары жастағы адамдар қоғамда 4 пайыздан кем болса жас, егерде осы топтағы адамдар 4–7 пайызды құраса, кемеліне келген, ал олардың үлесі 7 пайызға өссе, халық кәрі болып саналады. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, ҚР Статистика агенттігі мәліметтері бойынша аталған көрсеткіште елімізде 65 және одан жоғары жастағы адамдардың саны халықтың жалпы санының 7,1 % құрайды екен (Женщины и мужчины Казахстана, 2010: 13). Оңтүстік Қазақстан өңірінде бала туу өсімі жоғары болғандықтан халықтың қартаю көрсеткіштері азайған. Еңбекке жарамды халыққа демографиялық жүктеменің (1000 адамға) көрсеткіші бойынша 0–14 жас тобындағы балалардың демографиялық жүктемесінің жоғары коэффициенттері Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл (408-ден 524 адамға дейін) облыстарына тиесілі болып отыр.

Халықтың әлеуметтік-демографиялық дамуының жағдайы мен өзгерістерінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – өлім-жітім. Бұл көрсеткіш демографиялық факторлармен қатар (халықтың жастық құрылымы) әлеуметтік (өзін-өзі сақтай білу тәртібі, экологиялық жағдай, медициналық жәрдемнің қолжетімділігі мен сапасына, еңбекті қорғау, жол-көлік жағдайына және т.б) факторларға да тәуелді болады. Халықтың өлім көрсеткіші зерттелген облыстарда әркелкі болып келеді. Аталған үдерістің динамикасын қадағаласақ, 2005 жылға дейін бұл үдерістің позитивті болғанын, яғни өлім көрсеткішінің төмендігін байқаймыз. 2005–2008 жж. аралығында осы көрсеткіш бір деңгейде (шамалы ауытқулармен) тұрды, ал 2008 ж. – 2009 ж. дейін төмендеген. Алайда 2010 ж. өлім көрсеткіші Жамбыл облысында айтарлықтай өскен. (2009 ж. 7,00-ден – 2010 ж. 8,01-ге дейін), Оңтүстік Қазақстанда көрсеткіш аса өзгермеді (2009ж. 6,00-дан – 2010 ж. 6,08 дейін), ал Қызылорда облысында бұл көрсеткіш төмендеген (7,00-ден 6,85-ге дейін).

Демографиялық ахуалдың тағы бір көрсеткіші – халықтың некеге тұруы мен ажырасуы. Туу деңгейіне некенің ықпалы ететіндігі сөзсіз. Бұл ретте корреляциялық тәуелділік төмендегіше сипатталады: некеге тұрудың артуы туу көрсеткішінің жоғарылауына алып келеді. Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша аталған көрсеткіштен 1999 ж. санақ қорытындыларын 1989 ж. салыстырғанда некеге тұрушылардың санының азайғандығын көреміз. Бірақ, халықтың неке жағдайы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш (58,9 пайыз) Оңтүстік Қазақстан облысы үлесінде болды. Статистикалық мәліметтер сараптамасының көрсетуі бойынша 2000 ж. бастап елде некеге тұрғандар саны артқан (6,11 пайыздан (1000 адамға шаққанда), 2010 ж. 8,97 пайызға дейін). Дегенмен бұл некеге тұру деңгейі 1991 ж. қарағанда – 10,1 пайыз төмен (ҚР Статистика агенттігінің ресми сайты, 2005: 272).

Халық санының ұдайы өсуінің сипаты халықтың табиғи өсімі болып табылады. Бұл көрсеткіштің үш облыс бойынша динамикасы бірдей, өсу және төмендеу кезеңдері сәйкес келеді. Аса жоғары табиғи өсім Оңтүстік Қазақстан облысында, ең төмені Жамбыл облысында белгіленді.

Халықтың неке жағдайының көрсеткіші бойынша демографиялық индикаторлар арасында Оңтүстік Қазақстан өңірінде аталған облыстардың мәліметтерімен қатар динамикасы да бір-біріне сәйкес келеді. Жалпы 2007 ж. дейін неке жағдайының деңгейі жоғары, ал 2007–2008 ж. бастап аталған көрсеткіш бойынша байқалған кему 2009 ж. қайта өсуге ұласады. 2008 ж. статистикалық мәліметтер неке ахуалының Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарының қалалық және ауылдық мекендерде бірдей еместігін көрсетті. Әйтседе, салыстырмалы түрде қарастырар болсақ: Жамбыл облысының ауылдық жерлерінде некеге тұру қалаға қарағанда жоғары (қалада – 8,71 пайыз және ауылда – 8,58 пайыз) болса, ал екі облыстың неке жағдайы басқаша көрініс береді: қала тұрғындарының некеге тұру деңгейі аталмыш көрсеткіштің ауыл тұрғындарына қарағанда біршама жоғары (Оңтүстік Қазақстан облысында – 9,38 пайыз (қала), 7,95 пайыз (ауыл), Қызылорда облысында – 11,45 пайыз (қала) және тиісінше 7,26 пайыз (ауыл) (Казахстан в цифрах, 2009: 178). Дегенмен Қызылорда облысының көрсеткішіндегі едәуір айырмашылығы

назар аударарлық жайт, бұл әрине облыс халқының жыныс-жас құрылымының нәтижесінен деп білген жөн. Жамбыл облысында неке құрған күйеулердің орта жасы – 26,8 жастан (1999 ж.) 27,2-дейін (2009 ж.), Қызылорда облысында – 26,2 жастан 26,9-ға дейін тиісінше, Оңтүстік Қазақстан облысында – 26,0-дан 26,8 жасқа дейін өсті. Некеге тұрған қалыңдықтардың орта жасы Жамбыл облысында (1999 ж. – 23,9; 2009 ж. – 23,9) өзгермеген. Оңтүстік Қазақстан (22,8 және 23,4) және Қызылорда облыстарының (23,2 және 24,1) динамикасында шамаластық байқалады. Қала/ауыл деп бөлінісі бойынша Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облысының ауылдық мекендерінде қалыңдықтардың орташа жасы едәуір өскендігін (1999 ж. – 22,6; 2008 ж. – 24,0) көрсетті (Қазақстан в цифрах, 2009: 196).

Халықтың неке жағдайымен байланысты ажырасу көрсеткішінің оңтүстік облыстарда үлкен айырмашылығын талдау барысы көрсетті. 1999 ж. халық санағы мәліметі бойынша 1989 ж. салыстырғанда 20–24 жас аралығында ажырасу өскен. Кейінгі мәліметтерден ажырасу деңгейінің динамикасы Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында едәуір сәйкес келді. Алайда ажырасу тенденциясы Қызылорда облысында күрт өзгерсе, ал Оңтүстік Қазақстан облысында баяу өзгерді. (2003–2010 жж. аралығында ажырасу деңгейі басқа облыстардағыдай аса жоғары ауытқымады). Мұндай жағдай көрінісі Қызылорда облысында ажырасудың өсіміне алып келді. Жалпы алғанда, соңғы жылдары аталған облыстарда неке бұзылуының деңгейі жоғары болған.

Демографиялық жағдайдың оң өсіміне көш-қонның да елеулі ықпалы әсіресе Оңтүстікке көшіп келушілер арқылы нақты байқалады. Атап өтер жайт, отандастарымыздың атамекеніне оралуын, олардың азаматтық мәртебе алуын, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін және т.б. мұқтаждықтарын шешуге байланысты іс-шаралар, облыстарда заман талабына жауап беретін оралмандарды бейімдеу орталықтарын құру мәселелері бойынша мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. «2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңының 13-бабында оралмандардың көшіп келуінің 1993–1998 жылдарға арналған квотасына енгізілген және тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген оралмандардың отбасыларына қаражат төлеу көзделген. Осыған орай Оңтүстік Қазақстан облысында 1992–1998 жж. аралығында Тәжікстаннан көшіп келген босқын оралман отбасыларының барлығына көшіп келу квотасына сәйкес тұрғын үй сатып алу үшін және біржолғы жәрдемақы қаржылары есеп шоттарына толық аударылған (ОҚОМА. 897-қ. 1-т. 162-б. 784-іс. 227-п.).

Қазақтардың көші-қонының салдарларының бір қырын айтсақ, онда ғасыр басында (1897 ж. санақ бойынша) елдегі Қазақстаннан тыс жерлерде туылғандардың үлесі 8,3 пайыз болған болған, 1999 ж. олардың үлесі, славян өкілдері мен немістердің өз отанына көшулеріне қатысты ірі көші-қон ағындарынан кейін 22,9 пайызды құрады (Құдайбергенова, 2013: 239).

Қорытынды

Жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай келе, Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы демографиялық жағдайдың аталған кезеңдегі өзара ұқсастықтары, мәселен ауыл тұрғындары санының артуы есебінен халық санының өсімі, некеге тұру және туу көрсеткіштерінің өсуі сияқты ағымдары байқалады. Оңтүстік Қазақстанмен салыстырғанда Қызылорда облысында қала тұрғындарының ішінде ерлер саны азайған. Қазіргі таңда халықтың тұрмыс жағдайының қалыптасып, тұрақталуы мен жақсаруы арқасында өлім-жітім көрсеткіші біршама төмендеген. Сондай-ақ, облыс орталықтары өңір халқы үшін тұрмыстық жағынан тартымды аймақ болып есептеледі. Бұл жерде, қала халқы санының артуы жағынан Оңтүстік Қазақстан облысы алдыңғы қатарда. Халықтың табиғи өсімін күшейту үшін жастарға, әсіресе жаңа және жас отбасыларға, көп балалы аналарға үкімет тарапынан жүйелі түрде қамқорлық, тікелей көмек ұйымдастырылуы қажет. Статистикалық мәліметтерді талдау барысы бір өңірдің ішінде демографиялық дамудың әртүрлі модельдері бар екендігін аңғартты. Оңтүстік Қазақстан өңірі Қазақстан Республикасының аймағы ретінде елдің әлеуметтік-демографиялық саясатын жүргізуде маңызы бар және жоғары потенциалға ие екендігі сөзсіз.

Sources

SKCentral State Archive — South Kazakhstan Central State Archive

Дереккөздер

ОҚОМА — Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві.

References

- Azhenov, Bisenbaev, 1997 — *Azhenov M.S., Bisenbaev D.E.* Sotsialnaya stratifikatsiya v Respublike Kazahstan [Social stratification in the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Bilim, 1997. 112 p. (In Russ.).
- Asylbekov, 1993 — *Asylbekov M.H.* Industrializatsiya Kazahstana i ee sotsialno-ekonomicheskie posledstviya [Industrialization of Kazakhstan and its socio-economic consequences]. Mysl, 1993. No. 4. Pp. 85–90. (In Russ.).
- Baigut, 2011 — *Baigut M.* Ulysymnyn uytksy [The basis of the ulus]. Egemen Kazakstan, 2011. 24 мамыр. No. 180. 9 p. (In Kaz.).
- Esimova, 2011 — *Esimova A.B.* Sovremennye sotsialno-demograficheskie tendentsii v razvitii naseleniya yuga Kazahstana [Modern socio-demographic trends in the development of the population of the South of Kazakhstan]. Demograficheskaya situatsiya v Kazahstane: sostoyanie i perspektivy. Materials of the scientific conference, Uralsk, July 18, 2011. 168 p. (In Russ.).
- Zheksenbaev, 2011 — *Zheksenbaev S.* Ontustik sabili boludan birinshi orynda [The South is in the first place on births]. Altyn Orda, 2011. (In Kaz.).
- Zhenshiny i muzhchiny Kazahstana, 2010 — *Zhenshiny i muzhchiny Kazahstana* [Women and men of Kazakhstan]. Statistics collection Astana, 2010. 13 p. (In Russ.).
- Zhumasultanov, Ibraev, 2000 — *Zhumasultanov T.Zh., Ibraev A.T.* Naselenie Kazahstana s drevneishih vremen do nashih dni [The population of Kazakhstan from ancient times to the present day]. Almaty, 2000. 97 p. (In Russ.).
- Ismailov, 2006 — *Ismailov A.I.* Ontustik Kazahstan oblysynyn tarihi-geografiyalyk ocherki. [Historical and geographical map of South Kazakhstan region] Oku kuraly. Shymkent, 2006. 48 p. (In Kaz.).
- Kazahstan v tsifrah, 2009 — *Kazahstan v tsifrah.* 1991–2008 [Kazakhstan in numbers. 1991–2008]. Astana, 2009. 15 p. www.stat.kz. (In Russ.).
- Kapkyzy, 2010 — *Kapkyzy E.* Nurly kosh kungeiden bastalghan [Nurly Street started with kungei]. Turkistan, 2010. (In Kaz.).
- Kozybaev, Aldazhumanov, 1997 — *Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S.* Totalitarnyi sotsializm: realnost i posledstviya [Totalitarian Socialism: reality and consequences]. Almaty: Gylym, 1997. Pp. 10–11. (In Russ.).
- Kazahstan onirleri, 2011 — *Kazahstan onirleri 2011 zh.* [Regions of Kazakhstan in 2011]. Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk josparlau zhane reformalau agenttigi Ultyk statistika byurosy. Astana, 2011. Pp. 21, 24, 26. (In Kaz.).
- Kazahstannyn demografiyalyk zhylnamalygy, 2005 — *Kazahstannyn demografiyalyk zhylnamalygy* [Demographic annals of Kazakhstan]. Astana, 2005. 272 p. www.stat.kz (In Kaz.).
- Kazahstannyn demografiyalyk zhylnamalygy, 2009 — *Kazahstannyn demografiyalyk zhylnamalygy* [Demographic annals of Kazakhstan]. Astana, 2009 (In Kaz.).
- Kazahstannyn demografiyalyk zhylnamalygy, 2012 — *Kazahstannyn demografiyalyk zhylnamalygy* [Demographic annals of Kazakhstan]. Astana, 2012. Demograficheskii ezhegodnik Kazahstana. Astana, 2012. 210 p. (In Kaz.).
- Kudaibergenova, 2010 — *Kudaibergenova A.I.* Kenes dauirindegi Kazahstandagy koshi-kon uderisteri: tarihi-demografiyalyk aspekt (1917–1991 zh.zh.) [Migration processes in Kazakhstan in the Soviet era: historical and demographic aspect (1917–1991)]. tarih. gyl. dokt. diss. Almaty, 2010. 331 p. (In Kaz.).
- Kudaibergenova, 2013 — *Kudaibergenova A.I.* XX gasyrdagy kazaktardyn repatriatsiyasy tarihy [From the history of repatriation of Kazakhs in the XX century] / Valihanov Readings - 17: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference. Kokshetau, 2013. 575 p. Vol. 1. (In Kaz.).
- Makulbaev, 2006 — *Makulbaev A.* Oralmandar memlekettik koldaudan kende emes [Repatriates are not deprived of state support]. Shymkent kelbeti, 2006. (In Kaz.).
- Mamyrali, 2006 — *Mamyrali Zh.* Basymyzga bas kosylgan zhaksy goi [It's good to have a head on our heads]. Ontustik Kazahstan, 2006. (In Kaz.).
- Meirbekov, 2010 — *Meirbekov M.B.* Ontustik Kazahstan halkynyn aleumettik-demografiyalyk damuy (1926–1959 zh.zh.) [Socio-demographic development of the population of South Kazakhstan (1926–1959)]. Abstract of Candidate of Historical Sciences thesis. Almaty, 2010. 32 p. (In Kaz.).
- Nikitin, 2009 — *Nikitin D.* Kazhdyi shestoi kazahstanets zhivet v YuKO [Every sixth Kazakhstani lives in South Kazakhstan region]. Yuzhnyi Kazahstan, 2009. (In Russ.).
- Pushkarev, 2009 — *Pushkarev G.* Nas soschitali, no ese ne summirovali [We've been counted, but we haven't been summed up yet]. Iuzhnyi Kazahstan, 2009. (In Russ.).
- Tatimov, 1993 — *Tatimov M.B.* Kazak alemi. Kazaktyn sany kansha [Kazakh world. What is the number of Kazakhs]. Almaty: Atamura, 1993. 105 p. (In Kaz.).
- Tatimov, Akshalova, 1997 — *Tatimov M., Akshalova M.* Kazahstannyn demografiyalyk sayasatynyn kalyptasuy [Formation of the demographic policy of Kazakhstan]. Almaty: Kazmemagru, 1997. 110 p. (In Kaz.).
- Tatimov, Aliev, 2009 — *Tatimov M., Aliev Zh.* Derbestigimiz – demografiyada [Our independence is in demographics]. Elbasy jane el sany. Almaty: Arys, 2009. 224 p. (In Kaz.).

Haikina, 2009 — *Haikina N.* Nas пока около 650 tys. [There are about 650 thousand of us so far]. Yuzhnyi Kazakhstan, 2009.

Hamidullin, 2011 — *Hamidullin R.* Beseda o migratsii [A conversation about migration]. Rabat, 2011. (In Russ.).

Synzhyrbaeva, 2009 — *Synzhyrbaeva M.* Demografiya dagdarysty elemeidi [Demographics ignore crisis]. Ontustik Kazakhstan, 2009. No. 2–3. Pp. 1–9. (In Kaz.).

Yuzhno-Kazahstanskaya oblast i ee regiony, 2003 — *Yuzhno-Kazahstanskaya oblast i ee regiony* [South Kazakhstan region and its regions]. Statisticheskii sbornik. Pod red. B.S. Saimanova. Shymkent, 2003. (In Russ.).

Әдебиеттер

Аженов, Бисенбаев, 1997 — *Аженов М.С., Бисенбаев Д.Э.* Социальная стратификация в Республике Казахстан. Алматы: Білім, 1997. 112 с.

Асылбеков, 1993 — *Асылбеков М.Х.* Индустриализация Казахстана и ее социально-экономические последствия. Мысль, 1993. № 4. С. 85–90

Байғұт, 2011 — *Байғұт М.* Ұлысымның ұйытқысы // Егемен Қазақстан, 2011. 24 мамыр. № 180. 9 б.

Есимова, 2011 — *Есимова А.Б.* Современные социально-демографические тенденции в развитии населения юга Казахстана // Демографическая ситуация в Казахстане: состояние и перспективы. Сборник материалов научной конференции. Уральск. 18 июль, 2011. 168 с.

Жексенбаев, 2011 — *Жексенбаев С.* Оңтүстік сәбилі болудан бірінші орында. Алтын Орда, 2011.

Женщины и мужчины Казахстана, 2010 — *Женщины и мужчины Казахстана.* Астана, 2010. 13 с.

Жумасултанов, Ибраев, 2000 — *Жумасултанов Т.Ж., Ибраев А.Т.* Население Казахстана с древнейших времен до наших дней. Алматы: КИИТУ, 2000. 97 с.

Исмаилов, 2006 — *Исмаилов А.И.* Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-географиялық очеркі. Оқу құралы. Шымкент: Ілім, 2006. 48 б.

Казахстан в цифрах, 2009 — *Казахстан в цифрах.* 1991–2008. Астана, 2009. 15 с. ҚР Статистика агенттігінің ресми сайты: www.stat.kz

Кәпқызы, 2010 — *Кәпқызы Е.* Нұрлы көш күнгейден басталған // Түркістан газеті. 18 тамыз, 2010. № 5. 3 б.

Козыбаев, Алдажуманов, 1997 — *Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С.* Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Ғылым, 1997. С. 10–11.

Қазақстан өңірлері, 2011 — *Қазақстан өңірлері 2011 ж.* Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Астана, 2011. Б. 21, 24, 26.

Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2005 — *Қазақстанның демографиялық жылнамалығы.* Астана, 2005. 272 б. ҚР Статистика агенттігінің ресми сайты: www.stat.kz

Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009 — *Қазақстанның демографиялық жылнамалығы.* Астана, 2009. 225 б.

Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2012 — *Қазақстанның демографиялық жылнамалығы.* Астана, 2012. 289 б.

Құдайбергенова, 2010 — *Құдайбергенова А.И.* Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект (1917–1991 жж.). Т.ғ.д. дисс. Алматы, 2010. 331 б.

Құдайбергенова, 2013 — *Құдайбергенова А.И.* XX ғасырдағы қазақтардың репатриациясы тарихынан // Валихановские чтения – 17: Сборник материалов Международной научно-практической конференции. Кокшетау, 2013. Т. 1. 575 с.

Мақұлбаев, 2006 — *Мақұлбаев Ә.* Оралмандар мемлекеттік қолдаудан кенде емес // Шымкент келбеті. 2006. Ақпан. № 2. 3 б.

Мамырәлі, 2006 — *Мамырәлі Ж.* Басымызға бас қосылған жақсы ғой // Оңтүстік Қазақстан. 2006. № 6 (152). Б. 1–12.

Мейірбеков, 2010 — *Мейірбеков М.Б.* Оңтүстік Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1926–1959 жж.): т.ғ.к., дисс. автореф. Алматы, 2010. 32 б.

Никитин, 2009 — *Никитин Д.* Каждый шестой казахстанец живет в ЮКО // Южный Казахстан. 2009. № 4. 5 с.

Пушкарев, 2009 — *Пушкарев Г.* Нас сосчитали, но еще не суммировали // Южный Казахстан. 2009. № 4. 3 с.

Тәтімов, 1993 — *Тәтімов М.Б.* Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша. Алматы: Атамұра, 1993. 105 б.

Тәтімов, Ақшалава, 1997 — *Тәтімов М., Ақшалава М.* Қазақстанның демографиялық саясатының қалыптасуы. Алматы: Казмеагру, 1997. 110 б.

Тәтімов, Әлиев, 2009 — *Тәтімов М., Әлиев Ж.* Дербестігіміз – демографияда. Елбасы және ел саны. Алматы: Арыс, 2009. 224 б.

Хайкина, 2009 — *Хайкина Н.* Нас пока около 650 тыс // Южный Казахстан. 2009. июнь. № 4. 4 с.

Хамидуллин, 2011 — *Хамидуллин Р.* Беседа о миграции. М.: Изд-во Рабат, 2011. 189 с.

Шынжырбаева, 2009 — *Шынжырбаева М.* Демография дағдарысты елемейді // Оңтүстік Қазақстан. 2009. № 2–3. Б. 1–9.

Южно-Казахстанская область и ее регионы, 2003 — *Южно-Казахстанская область и ее регионы.* Статистический сборник. / Под ред.: Б.Ш. Шайманова. Шымкент, 2003. 33 с.

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З. XIX ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БЕЙІМДІЛІГІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	289
Серғалиев М.Х. ТАРИХИ ЖАДЫ: ӘСКЕРИ КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ («ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» МЫСАЛЫНДА).....	303

ТАРИХ

Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.Ә., Омарова Г.А. 1991–2009 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	318
Жиренов А.А., Ошан Ж. «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ.....	333
Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Темірханова Ә.С. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ПЕН ЕРЕЖЕП ИТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ...347	347
Қабыл А.Ә., Түрсүн Х.М., Әбікей А.М. АУАҚӨШУШІЛЕР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ.....	361
Капбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К., Карибаев С.У. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.).....	373
Қасымбекова М.Ә. БАТЫС ЖӘНЕ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚТАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕСІ...387	387
Қуанбай О.Б. АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ САЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫ (1735–1740 жж.).....	398
Қозыбаева М.М., Қаипбаева А.Т. ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ МАРГИНАЛДАР: САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	411
Нурпенсова Э.Т., Әбіл Е.А., Буканова Р.Г. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	424
Оралова А.А. ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР...435	435
Стамшалов Е.И. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	447
Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	462
Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., Омарова Г.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	478
Ужкенов Е.М., Смағұлов Б.К. «ҚАЗАҚ ОРДАСЫНАН» «ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНА» ДЕЙІН: ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XVI – XX Ғ. БАСЫ).....	492

АНТРОПОЛОГИЯ

Сакенов С. ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОСЫМША ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ҚАБІРЛЕРДІ ЕКІНШІ РЕТ ПАЙДАЛАНУЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ).....	507
---	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З. ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ ВО 2 ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	289
Сергалиев М.Х. ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ВОЕННОГО КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМА НА ПРИМЕРЕ «ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА».....	303

ИСТОРИЯ

Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.А., Омарова Г.А КВОПРОСУ О ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 1991–2009 ГГ.....	318
Жиренов А.А., Ошан Ж. ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ».....	333
Ибраева А.Г., Маликова С.З., Темирханова А.С. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЙДАРХАН ТУРЛЫБАЕВА И ЕРЕЖЕП ИТБАЕВА В ПЕРИОД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	347
Кабыл А.А., Турсун Х.М., Абикей А.М. ОТКОЧЕВНИКИ – ЖЕРТВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....	361
Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У. ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.).....	373
Касимбекова М.А. ПРОБЛЕМА СВЯТОСТИ В СУФИЗМЕ В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ....	387
Куанбай О.Б. ВЛИЯНИЕ АБЫЛАЙ-СУЛТАНА НА ПОСЛЕДСТВИЯ БАШКИРСКОГО ВОССТАНИЯ (1735–1740 гг.).....	398
Козыбаева М.М., Каипбаева А.Т. ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ И МАРГИНАЛЫ В ГОРОДАХ КАЗАХСТАНА В 1920–1930-Х ГГ.: ПРАВОВОЙ СТАТУС И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ЛИШЕНЦЕВ.....	411
Нурпенсова Э.Т., Абиля Е.А., Буканова Р.Г. ЖИЗНЬ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА.....	424
Оралова А.А. НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА.....	435
Стамшалов Е.И. ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	447
Тулбаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М. ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСУПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА.....	462
Уалтаева А.С., Маргулан А.С., Омарова Г.А. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Х ГГ. XX ВЕКА.....	478
Ужкенов Е.М., Смагулов Б.К. ОТ «КАЗАЧЬЕЙ ОРДЫ» ДО «КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ»: ЭВОЛЮЦИЯ ВОСПРИЯТИЯ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (XVI – НАЧАЛЕ XX ВВ.).....	492

АНТРОПОЛОГИЯ

Сакенов С. ПРИСТРОЙКИ И ВТОРИЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ В РАЗНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА).....	507
--	-----

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Denninghaus V., Jiynaliyev Ye.K., Razdykov S.Z.

HISTORICAL ASPECTS OF ECONOMIC AND CULTURAL ADAPTATION OF GERMANS IN KAZAKHSTAN IN THE 2ND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES.....289

Sergaliev M.Kh.

HISTORICAL MEMORY: REASONS AND CONDITIONS OF MILITARY COLLABORATION BY THE EXAMPLE OF THE «TURKESTAN LEGION».....303

HISTORY

Assylbekova Zh.M.-A., Apendiyev T.A., Omarova G.A.

ON THE ISSUE OF EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 1991–2009.....318

Zhirenov A.A., Oshan Zh.

THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB".....333

Ibrayeva A.G., Malikova S.Z., Temirkhanova A.S.

ACTIVITIES OF AIDARKHAN TURLYBAYEV AND EREZHEP ITBAEV DURING THE ALASH MOVEMENT.....347

Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A.

NOMAD MIGRANTS AS VICTIMS OF POLITICAL REPRESSIONS.....361

Kapbarova G., Shashaev A. Karibaev S.

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011).....373

Kasimbekova M.A.

THE PROBLEM OF HOLINESS IN SUFISM IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS.....387

Kuanbay O.B.

ABLAI SULTAN'S INFLUENCE ON THE CONSEQUENCES OF THE BASHKIRS REBELLION (1735–1740).....398

Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.

POLITICAL REPRESSIONS AND MARGINALIZED PEOPLE IN THE CITIES OF KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: LEGAL STATUS AND PROBLEMS OF ADAPTATION OF DISENFRANCHISED PEOPLE.....411

Nurpeissova E.T., Abil Ye., Bukanova R.

THE LIFE AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF ELDES OMAROV.....424

Oralova A.A.

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN.....435

Stamshalov Ye.I.

BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY.....447

Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M.

RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....462

Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Omarova G.A.

FORMATION OF THE SOCIO-CULTURAL PHENOMENON OF KAZAKHSTAN DEVELOPMENT IN THE 20–30S OF THE 20TH CENTURY.....478

Ujkenov E.M., Smağulov B.Q.

FROM THE “KAZAK HORDE” TO THE “KIRGIZ STEPPE”: THE EVOLUTION OF UNDERSTANDING THE TERRITORY OF THE KAZAK KHANATE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY (XVI – EARLY XX CENTURIES).....492

ANTHROPOLOGY

Sakenov S.

EXTENSIONS AND SECONDARY USE OF FUNERAL STRUCTURES IN DIFFERENT HISTORICAL PERIODS (BASED ON MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN).....507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (2)

Бас редактор:

Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:

Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.06.2024.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727)

261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй